

Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 321 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 6 қарашада № 37360 болып тіркелді

Қостанай Қостанай "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

1) "Қостанай облысының ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27893 болып тіркелген);

2) "Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 "Қостанай облысының ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 103 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10439-10 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

Келісілді

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Қостанай облысының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті"

республикалық мемлекеттік мекемесі

Келісілді

"Қазақстан Республикасы Су

ресурстары және ирригация

министрлігі Су шаруашылығы

комитетінің Су ресурстарын

пайдалануды реттеу және қорғау

жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік

инспекциясы" республикалық

мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК